

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 19 қаңтардағы № 7 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 қаңтарда № 37895 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Көлік министрі*

Н. Сауранбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Қазақстан Республикасының

Көлік министрі
2026 жылғы 19 қаңтардағы
№ 7 Бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының,
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан
Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының кейбір
бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына (бұдан әрі – Тасымалдау қағидалары) сәйкес әзірленді.";

3-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (бұдан әрі – Портал) – Кодекске сәйкес мүгедектігі бар адамдар үшін өнім берушілер ұсынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің, мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын жергілікті атқарушы органдардың кепілдік берілген сома шегінде өтеуі шарттарымен оларға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін білдіретін ақпараттандыру объектісі.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету елді мекен шегінде осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қолданыстағы қорытындысы негізінде мынадай санаттар бойынша есеппен жүзеге асырылады:

1) бірінші топтағы мүгедек адамдар және екінші топтағы мүгедек адамдар болып табылатын жұмыс істейтіндерге айына кемінде жиырма бес сағат;

2) мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне, білім беру ұйымдарында білім алушыларына айына кемінде жиырма бес сағат:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;

кресло-арбамен қозғалатын екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

3) тізбеге сәйкес бағыттар бойынша мүгедектігі бар өзге адамдарға айына кемінде алты сағат.

Мүгедектігі бар адамдарды инватаксиге тасымалдау жөніндегі қызметтерге көзделген сағат санын және бір сапар уақыты бойынша ұзақтығын ұлғайтуға осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес жергілікті бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жол беріледі.

Мүгедектігі бар адамдар санатқа сәйкес пайдаланбаған сағаттар ағымдағы айда келесі айға ауыстырылмайды.

Мүгедектігі бар адамды басқа санатқа ауыстыру ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскеннен немесе өтініш беруден кейін келесі айдың басынан бастап жүргізіледі.

Мүгедек адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету мынадай мән жайлар туындаған күннен бастап тоқтатылады:

мүгедектік тобының өзгеруі;

тұрақты мекен-жайының тіркелуін өзгертуі;

мүгедектігі бар адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты мекен-жайға кетуі немесе қайтыс болуы.";

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен мемлекеттік сатып алу арқылы тасымалдау бойынша қызметтер көрсету тәртібі";

3 және 4-қосымшалар осы тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 348 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11002 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Осы Шартқа толықтырулар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 402-бабында көзделген тәртіппен жасалады және Шарттың ажырамас бөліктері болып табылады. Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалған, уәкілетті өкілдер қол қойған және екі Тараптың да мөрімен (бар болса) куәландырылған толықтырулар Тараптар үшін жарамды және міндетті болып табылады.".

3. "Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы қоспағанда, автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы қоспағанда, автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау жеке және заңды тұлғалардың бір жолғы тапсырысы (өтінімі) бойынша жүзеге асырылады. Мұндай тасымалдауға: туристік, экскурсиялық, іс-шараларға қызмет көрсету, бір реттік, ұзақ мерзімге жатады.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау белгілі бір кезең ішінде шарттық негізде жүзеге асырылуы мүмкін.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысшілік) тасымалдаудың маршруттары бойынша жол жүру және багажды алып жүру төлемін, тіркеуін жолаушылар автовокзалдың, автостанцияның, жолаушыларға қызмет көрсету пунктінің кассасына, ал маршруттардың аралық аялдама пункттерінде кондукторға (жүргізушіге) тікелей автобуска отырғызу кезінде, ол аялдама пунктінен жөнелтілгенге дейін, немесе жол жүру үшін электрондық төлем жүйесі арқылы төлейді.

Халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысшілік), қала маңындағы қатынастарда маршруттары бойынша жол жүруге төлем жолаушылар агенттігі немесе жол жүру үшін электрондық төлем жүйесі арқылы жүргізілуі мүмкін.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысшілік) тасымалдау маршруттары бойынша жол жүру және багажды алып жүру төлемін, автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, сондай-ақ агенттік немесе электрондық билеттерді сататын ақпарат жүйесімен қабылданады және жолаушының жеке басын растайтын құжаттар түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисін қолдана отырып, электрондық құжат нысаны негізінде жүзеге асырады. Жолаушыларды отырғызу жолаушының жеке басын куәландыратын құжатпен түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисін қолдана отырып, электрондық құжат нысанында билетте көрсетілген тегі, аты, әкесінің атын (ол болған кезде), билетті сату кезінде көзделген автокөлік құралына орын нөмірін және оның орналасуын тексеру жолымен жүзеге асырылады.";

150-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"150. Өткізілген Конкурс нәтижелері бойынша Конкурсқа қатысушылардың балдарының жиынтық саны тең болған жағдайда, онда кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға дайындаушы зауыттан бейімделген автобустары және шағын автобустары бар, тасымалдау жүргізілетін ең төменгі жол жүру тарифін ұсынған тасымалдаушы артықшылыққа ие болады.";

202-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"202. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар тасымалдаушылар жүзеге асырады.";

334, 335, 336, 337 және 338-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"334. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық және қала маңындағы тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың алдыңғы және артқы жақтарында маршрут нөмірі көрсетіледі.

Маршруттың нөмірі шрифттің биіктігі кемінде 120 мм көрсетіледі. Жедел тасымалдауды жүзеге асыру кезінде маршрут нөмірінің астында шрифттің биіктігі кемінде 60 мм қызыл түсті "Жедел" деген жазу көрсетіледі.

335. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдауда пайдаланылатын автобустар, шағын автобустар және троллейбустардың оң жағында, салонның жолаушылар есіктері бірінің жанында маршруттың нөмірі мен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қысқа сипаттамасы (аралық және соңғы аялдамалардың, маршрут өтетін негізгі көшелердің, қоғамдық мәні бар орындардың атауы) көрсетіледі.

336. Қалааралық облысаралық және халықаралық маршруттардағы автобустар мен шағын автобустарда жол жүрудің бастапқы, соңғы және ірі аралық пункттері көрсетілген алдыңғы және бүйірлік (оң жағында) мемлекеттік және орыс тілдерінде, ал қажет болған жағдайда басқа тілдерде көрсеткішпен жабдықталады.

337. Маршрут нөмірінің алдыңғы және артқы көрсеткіштері тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандырылады.

338. Жолаушылар мен багажды тапсырыс берілген автобустармен, шағын автобустармен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдарының алдыңғы және артқы жақтарында "Тапсырыспен" деген жазу көрсетіледі.

Жазу шрифт биіктігі кемінде 120 мм қара түспен көрсетіледі және тік төртбұрышты қоршамаға салынады.";

2-1-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-9) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларында:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау және "Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілген куәлік" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 23-9) тармақшасына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген, автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау тәртібін айқындайды, ол мыналарды:";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Тасымалдаушы автокөлік құралдарын пайдалану процесінде жүргізушілердің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеруден өтуін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес, сондай-ақ автокөлік құралдарының рейс алдындағы техникалық қарап тексеруден өтуін қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 11-2 тармақпен толықтырылсын:

"11-2. Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау "Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады."

5. "Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы және олардың агломерацияларын қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы және олардың агломерацияларын қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларында:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберу тәсілімен мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның міндетін атқарушыға басшының жетекшілік ететін орынбасарының және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысының келісімі бойынша жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі."

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі
2026 жылғы 19 қаңтардағы
№ 7

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының кейбір
бұйрықтарына
өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Автомобиль көлігімен
(инватакси) мүгедектігі бар
адамдарды тасымалдау жөнінде
қызметтер көрсету
қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: жергілікті атқарушы органдар

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) _____

"Инватакси қызметтерiн
әлеуметтік көрсетiлетiн
қызметтер порталы арқылы
көрсетудiң маршруты
туралы ақпарат"
әкiмшiлiк деректердi жинауға
арналған нысанға қосымша

Әкiмшiлiк деректердi өтеусiз негiзiнде жинауға арналған нысанын толтыру жөнiндегi түсiндiрме "Инватакси қызметтерiн әлеуметтік көрсетiлетiн қызметтер порталы арқылы көрсетудiң маршруты туралы ақпарат" (индекс – ИЗ айлық кезеңдiлiк)

Нысанның 1-бағанында инватаксимен тасымалдау күнi (күнi, айы, жылы) көрсетiледi.

Нысанның 2-бағанында бастапқы жөнелту пунктi көрсетiледi.

Нысанның 3-бағанында соңғы межелi пунктi көрсетiледi.

Нысанның 4-бағанында бағалау көрсетiледi.

Нысанның 5-бағанында инватаксидiң келу уақыты, сағат/минут көрсетiледi.

Нысанның 6-бағанында мүгедектiгi бар адамды отырғызу уақыты, сағат / минут көрсетiледi.

Нысанның 7-бағанында мүгедектiгi бар адамды түсiру уақыты, сағат/минут көрсетiледi.

Нысанның 8-бағанында сапардың жалпы уақыты, сағат/минут көрсетiледi.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрiнiң мiндетiн
атқарушының,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрiнiң және
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрiнiң мiндетiн
атқарушының кейбiр
бұйрықтарына өзгерiстер
мен толықтыру енгiзiлетiн
кейбiр бұйрықтарының
тiзбесiне 2-қосымша
Автомобиль көлiгiмен
(инватакси) мүгедектiгi бар
адамдарды тасымалдау жөнiнде

3									
...									

Жүргізуші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Жүргізушінің қолы _____

Диспетчер _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Диспетчердің қолы _____

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) _____

"Инватакси қызметтерiн
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік сатып алу туралы
заңнамасына сәйкес көрсетудiң
маршруты туралы ақпарат"
әкiмшiлiк деректердi жинауға
арналған нысанға
қосымша

Әкiмшiлiк деректердi өтеусiз негiзiнде жинауға арналған нысанын толтыру жөнiндегi түсiндiрме "Инватакси қызметтерiн Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес көрсетудiң маршруты туралы ақпарат" (индекс – И4 айлық кезеңдiлiк)

Нысанның 1-бағанында тегi, аты, әкесiнiң аты (болған жағдайда оның болуы) көрсетiледi.

Нысанның 2-бағанында телефон номерi көрсетiледi.

Нысанның 3-бағанында қолы көрсетiледi.

Нысанның 4-бағанында бастапқы жөнелту пунктi көрсетiледi.

Нысанның 5-бағанында соңғы межелi пунктi көрсетiледi.

Нысанның 6-бағанында инватасидiң келу уақыты, сағат/минут көрсетiледi.

Нысанның 7-бағанында мүгедектігi бар адамды отырғызу уақыты, сағат / минут көрсетiледi.

Ыс бағыты	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
Турбағытта																			
Кері бағытта																			

Қолы, күні

Мөр орны (болған жағдайда)

Ауданишілік бағыттағы автобустардың қозғалыс кестесі № _____										
(бағыттың атауы) (апта күндері)										
Тікелей бағыт						Орташа техникалық жылдамдық, км / сағат	Қозғалыстағы уақыт, минут	Қашықтық, километр		Елді мекендердің атауы
Келу	Тұрақ	Кету	Келу	Тұрақ	Кету			Пунктілер арасында	Бастапқы пунктінде	

Кестенің жалғасы

Ауданишілік бағыттағы автобустардың қозғалыс кестесі № _____					
(бағыттың атауы) (апта күндері)					
Кері бағыт					
Келу	Тұрақ	Кету	Келу	Тұрақ	Кету

Парақтың сырт жағы Маршрут № _____

Маршрут түрі	Ескертпе:
Маршруттың жылдағы маусымдылығы	
Маршруттың апта ішіндегі жұмыс режимі	
Автобустар саны, бірлік	
Маршруттың ұзындығы, километр	
Айналымдағы рейс уақыты, минутпен	

Қолы, күні

Мөр орны (болған жағдайда)

Ауданаралық маршрут автобустарының қозғалыс кестесі № _____			
(бағыттың атауы) (апта күндері)			
Тікелей бағыт		Орташа техника	Қашықтық, километр

Келу	Тұрақ	Кету	Келу	Тұрақ	Кету ие	лық жылдамдық, к К / сағат	Қозғалыстағы уақыт, минут	пунктілер арасында	бастапқы пунктте	Елді мекендердің атауы

Кестенің жалғасы

Ауданаралық маршрут автобустарының қозғалыс кестесі № _____
(бағыттың атауы) (апта күндері)

Кері бағыт

Келу	Тұрақ	Кету	Келу	Тұрақ	Кету

Парақтың сырт жағы Маршрут № _____

Маршрут түрі	Ескертпе:
Маршруттың жылдағы маусымдылығы	
Маршруттың апта ішіндегі жұмыс режимі	
Автобустар саны, бірлік	
Маршруттың ұзындығы, километр	
Айналымдағы рейс уақыты, минутпен	

Қолы, күні

Мөр орны (болған жағдайда)

Қала маңы маршруты автобустарының қозғалыс кестесі № _____
(бағыттың атауы) (апта күндері)

Автобустардың шығу кестесінің нөмірі	Елді мекеннің атауы	Бастапқы пункттен қашықтық, километр	Уақыт, минут	Техникалық жылдамдық, километр / час	Кету уақыты								
					Рейс	Рейс	Рейс	Рейс	Рейс	Рейс	Рейс	Рейс	
1													
2													
3													
4													
5													

Кестенің жалғасы

Қала маңы маршруты автобустарының қозғалыс кестесі № _____
(бағыттың атауы) (апта күндері)

Жоспарлы рейстер саны, бірлік	Жалғастыру жұмыс күнінің ұзақтығы, сағат

Парақтың сырт жағы Маршрут № _____

Маршруттың жылдағы маусымдылығы		Ескерту:
Маршруттың апта ішіндегі жұмыс режимі		
Аялдама пункттерінің атауы елді мекендерде		
Жұмыс күндеріндегі автобустар саны, бірлік		
Демалыс күндеріндегі автобустар саны, бірлік		
Маршруттың ұзындығы, километр		
Айналымдағы рейс уақыты, минутпен		
Қозғалыс аралығы, минутпен		

Қолы, күні

Мөр орны (болған жағдайда)

Қалааралық облысаралық бағыт бойынша автобустардың немесе шағын автобустардың қозғалыс кестесі _____ (маршрут атауы)

Елді мекендердің (аялдамалардың) атауы	Алға бағыт			Техникалық сипаттамалар		Қашықтық, километр		Кері бағыт		
	келу уақыты	көлік тұрағы уақыты	жөнелу уақыты	қозғалыстағы уақыт сағат/минут	қозғалыстағы жылдамдық километр/сағат	қашықтық, километр	бастапқы пунктінде	келу уақыты	көлік тұрағы уақыты	жөнелу уақыты

Бір жылдағы маршруттың маусымдылығы _____

(жыл бойы немесе маусымнан бастап _____ дейін _____)

Маршруттың аптадағы жұмыс режимі _____ (апта күндері немесе күнделікті)

Жалпы жол жүрген уақыты _____ (сағат/минут)

Пайдалану жылдамдығы* _____ (километр/сағат)

Автобус класы _____ (екінші немесе үшінші сынып)

Ескертпе*:

$$V_{\text{э}} = \frac{s}{t_{\text{дв}} + t_{\text{ст}}}$$

мұндағы

V_3

– пайдалану жылдамдығы;

S – тікелей және кері қашықтықтың қосындысы;

$t_{дв}$

– қозғалыстағы уақыт;

$t_{ст}$

– тікелей және кері бағыттағы тұрақ уақытының қосындысы.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Республикалық маңызы
бар қалаларды, астананы
қоспағанда, автомобиль
көлігімен жолаушылар мен
багажды тасымалдау
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Конкурстық ұсыныстарды бағалау шкаласы

Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсетуге конкурстық ұсыныстарды бағалау шкаласы

P/c №	Көрсеткіш	Балдар саны		
		Ұсынылған жылжымалы құрамдар үлесі 30 %-дан кем	Ұсынылған жылжымалы құрамдар үлесі 30 %-дан 60 %-ға дейін	Ұсынылған жылжымалы құрамдар үлесі 60 %-дан астам
	Автобустарды, шағын автобустарды пайдалану мерзімі:			

1.*	5 жылға дейін	+4	+8	+10
	5 жылдан 9 жылға дейін	+3	+2	+1
	9 жылдан 12 жылға дейін	+2	+1	+0,5
	12 жылдан артық	0	0	0
1.1	Пайдалану мерзімі 3 жылға дейінгі автобустар, шағын автобустар болған кезде (қосымша)	+1 (әр бірлік үшін)		
1.2	Сутегі отынмен жұмыс істейтін автобустар, шағын автобустар болған кезде (қосымша)	+3 (әр бірлік үшін)		
1.3	Газмоторлы отынмен жұмыс істеуге дайындаушы зауыттан бейімделген автобустар, шағын автобустар болған жағдайда (қосымша)	+5 (әр бірлік үшін)		
1.4	Автобустар, шағын автобустар бар болған кезде:			
	жеке меншікте	+1,5 (әр бірлік үшін)		
	тасымалдаушы кредитке немесе лизингке алған	+1 (әр бірлік үшін)		
1.5	Электрқозғалтқышы бар автобустар, шағын автобустар болған кезде	+5 (әр бірлік үшін)		
2.	Тасымалдаушының жолаушылар мен бағды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау саласындағы жұмыс тәжірибесі (конкурс өткізілетін маршрут түрі бойынша):			
	3 жылға дейін	+1		
	3 жылдан 8 жылға дейін	+3		
	8 жылдан астам	+5		

	Өндірістік-техникалық базаның болуы	жеке	жалға алынған	шарт негізінде қызмет көрсету
3.	Өндірістік корпус:			
	техникалық қызмет көрсету кешені (аймақ, учаске)	+3	+0,7	+0,2
	Ағымдағы жөндеу кешені:			
	посттар	+3	+0,7	+0,2
	өндірістік учаскелер және цехтар	+3	+0,7	+0,2
	Қойма үй-жайлары	+1	+0,5	+0,2
	Автотұрақ, соның ішінде:			
	ашық	+1,5	+0,7	+0,3
	жабық	+2,5	+1	+0,5
	Жинастыру-жуу кешені:			
	қолмен жуу	+0,7	+0,5	+0,2
	механикаландырылған жуу	+1	+0,7	+0,5
	Бақылау-техникалық пунктi	+0,7	+0,2	+0,1
	Әкімшілік ғимарат (үй-жай)	+0,3	+0,1	0
	Үй-жай немесе медпункт бөлмесі	+0,5	+0,3	+0,2
	Тұрмыстық корпустар және жұмысшыларға қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар	+0,3	+0,1	0
	4.	Автобустарды, шағын автобустарды алмастыру шаралары жүйесі:		
резервті жылжымалы құрам жоқ, алмастыру іске асырылмайды		-2		
резервті жылжымалы құрам бар		+2		
	Жолаушыларды тасымалдау жағдайын жақсартатын			

5.	қосымша ұсыныстар:	
	жол үстінде бейне сүйемелдеу мүмкіндігі	+0,5 (әр бірлік үшін)
	кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға дайындаушы зауыттан бейімделген жылжымалы құрамның болуы	+3 (әр бірлік үшін)
	тасымалдауды жүзеге асыруда автобуста нақты уақыт режимінде байланыс арналары арқылы үзбей деректер беру жүйесінің болуы	+1 (әр бірлік үшін)

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдаудың тұрақты қалалық маршруттарына қызмет көрсетуге конкурстық ұсыныстарды бағалау шкаласы

P/c №	Көрсеткіш	Балдар саны		
		Ұсынылған жылжымалы құрамдар үлесі 30 %-дан кем	Ұсынылған жылжымалы құрамдар үлесі 30 %-дан 60 %-ға дейін	Ұсынылған жылжымалы құрамдар үлесі 60 %-дан астам
1.*	Автобустарды, шағын автобустарды пайдалану мерзімі:			
	5 жылға дейін	+4	+8	+10
	5 жылдан 9 жылға дейін	+3	+2	+1
	9 жылдан 12 жылға дейін	+2	+1	+0,5
	12 жылдан астам	0	0	0
1.1	Пайдалану мерзімі 3 жылға дейінгі автобустар, шағын автобустар болған кезде (қосымша)	+1 (әр бірлік үшін)		
1.2	Сутегі отынмен жұмыс істейтін автобустар, шағын автобустар болған кезде (қосымша)	+3 (әр бірлік үшін)		

1.3	Газмоторлы отынмен жұмыс істеуге дайындаушы зауыттан бейімделген автобустар, шағын автобустар болған жағдайда (қосымша)	+5 (әр бірлік үшін)		
1.4	Автобустар, шағын автобустар бар болған кезде: жеке меншікте	+1,5 (әр бірлік үшін)		
	тасымалдаушы кредитке немесе лизингке алған	+1 (әр бірлік үшін)		
1.5	Электрқозғалтқышы бар автобустар, шағын автобустар болған кезде	+5 (әр бірлік үшін)		
2.	Тасымалдаушының жолаушылар мен бағажды автомобильмен қалалық тұрақты тасымалдаудағы жұмыс тәжірибесі:			
	3 жылға дейін	+1		
	3 жылдан 8 жылға дейін	+3		
	8 жылдан астам	+5		
3.	Өндірістік-техникалық базаның болуы	жеке	жалға алынған	шарт негізінде қызмет көрсету
	Өндірістік корпус:			
	техникалық қызмет көрсету кешені (аймақ, учаске)	+3	+0,7	+0,2
	Ағымдағы жөндеу кешені:			
	посттар	+3	+0,7	+0,2
	өндірістік учаскелер және цехтар	+3	+0,7	+0,2
	Қойма үй-жайлары	+2	+0,3	+0,1
	Автотұрақ, соның ішінде:			
	ашық	+1,5	+0,7	+0,3
	жабық	+2,5	+1	+0,5
	Жинастыру-жуу кешені:			

	қолмен жуу	+0,7	+0,5	+0,2
	механикаландырылған жуу	+1	+0,7	+0,5
	Бақылау-техникалық пунктi	+0,7	+0,2	+0,1
	Әкiмшiлiк ғимарат (үй-жай)	+0,3	+0,1	0
	Үй-жай немесе соның iшiнде медпункт бөлмесi	+0,5	+0,3	+0,2
	Тұрмыстық корпустар және жұмысшыларға қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар	+0,3	+0,1	0
4.	Автобустарды, шағын автобустарды алмастыру шаралары жүйесi:			
	резервті жылжымалы құрам жоқ, алмастыру iске асырылмайды	-2		
	резервті жылжымалы құрам бар	+2		
5.	Жолаушылар тасымалдарын жақсарту үшін қосымша ұсыныстар: аялдамаларды хабарлау және жолаушыларды хабарландыру тәсілі:			
	магниттік жазба арқылы	+1 (әр бірлік үшін)		
	автобустық дауыс зорайтқыш жабдық арқылы	+0,7 (әр бірлік үшін)		
	кондуктор немесе жүргізуші хабарлайды	+0,1 (әр бірлік үшін)		
	кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға			

дайындаушы зауыттан бейімделген жылжымалы құрамның болуы	+3 (әр бірлік үшін)
тасымалдауды жүзеге асырған кезде автобуста (шағын автобуста) нақты уақыт режимінде байланыс арналары арқылы үзбей деректер беру жүйесінің болуы	+1 (әр бірлік үшін)

*Орташа балл пайдалану мерзімі бойынша әр автобусты (шағын автобусты) бағалау жолымен (резервті есептемегенде) шығарылады, олар бойынша балдар қосылады және автобустардың (шағын автобустардың) санына бөлінеді.